

«8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Дюсенов Бағдат Данияровичтің «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1.1. Диссертанттың диссертациялық жұмысы шығыстану мен тіл білімі, деректанудың өзекті бағыттарына және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы «8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған. 1) Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылған жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғандығы туралы ақпарат берілмеген. 2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген. 3) Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы анықталған/анықталмаған .	Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қазіргі қазақ тілінің тарихын зерттеуде орта ғасырларда түзілген лексикографиялық еңбектердің маңызы өте зор. Аталған кезеңде жазылған ескерткіштердің үлкен бір бөлігі мәмлүктер билігі кезінде Египет пен Сирия

		аумағында түзілген. Осы жазба ескерткіштер ішінде тіліміздің лексикалық қоры молынан сақталған араб-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктерді зерттеу өте маңызды. Алтын Орда, Мемлүктер мемлекетінде түзілген сөздіктерді пайдалана отырып, тілдің белгілі бір кезеңдегі ахуалын, даму ерекшеліктерін және қоғамдық сананы қалыптастырудағы орнын айқындауға болады. Мұндай сөздіктердің маңызды екенін бүкіл түркітанушы ғалымдар бірауыздан мойындайды. Сондықтан орта ғасырларда маңызды қарым-қатынас құралы қызметін атқарған түркі, қыпшақ тілі туралы жан-жақты мәлімет алу үшін лингвистикалық дереккөздерді пайдаланудың тиімділігі сөзсіз. Осы жағынан алғанда, қолымыздағы диссертациялық еңбек жалпы гуманитарлық ғылымдардың дамуына және түркологиялық зерттеулердің толығына елеулі үлесін қосады.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, жұмыс мазмұнын ашатын теорияларға талдау жасауда және оны практикалық тұрғыда негіздеуде ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, екіұшты ой тудыратын құрылымдарды қолданбауы автордың жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бар.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбының өзектілігі тиісінше негізделген. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында жасалған түйіндерінен көрінеді. Диссертациялық зерттеу жүйелік-құрылымдық парадигмада жүргізілген. Қазақ

		тілінің тарихи бастауларын құрайтын дереккөздер материалы қазіргі сөзқолданыста кездесетін бірқатар фонетикалық, семантикалық және грамматикалық құбылыстардың себебі мен сырын ашуға негіз болатындығын дұрыс тұжырымдай алған.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысы кіріспе, үш тарау, қорытынды мен пайдаланылған әдебиет тізімі және қосымшадан тұрады.
	1) айқындайды;	Бірінші тарауда араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуы және оның Мемлүктер мемлекетіне ауысуы туралы зерттеулер жүргізілген. Екінші тарау Мемлүктер кезеңінде түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузуз аз-захабийа» жазба ескерткіштерінің тарихнамасы, нұсқалары, тілі, лексикалық қорына лингвистикалық талдау жұмыстарын жүргізуге арналған. Ал үшінші тарауда Мемлүктер кезеңіндегі сөздіктер мен эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени дереккөз ретіндегі ролі қарастырылған және ескікыпшақ сөздеріне фонетикалық, лексика-семантикалық тұрғыдан талдау жасалған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатқа, зерттеу нысаны мен пәніне, ұсынылған ғылыми болжамына сәйкес келеді. Ізденуші ескікыпшақ тілінің тарихи тамырының тереңдігін көрсететін деректердің мазмұнын айқындау мақсатымен лингвистикалық теорияның ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып, 9 міндетті шешкен.
	1) сәйкес келеді;	Диссертацияның барлық бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Әр бөлімнен кейін берілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып,
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Әр бөлімнен кейін берілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып,
	1) толық байланысқан;	

		2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	жұмыстың жалпы қорытындысын негіздейді. Соның нәтижесінде диссертацияның барлық бөліміндегі ой-түйіндері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары мен нәтижелері ішкі бірлікте тұтасқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдауы бар, авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелер жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар: Қарахандар кезеңінде араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуына Құран сөздіктерінің жолма-жол тәсілі негіз болды. Құран лексикасына негізделген аз-Замашшаридің «Мұқалламат әл-адаб» сөздігі Алтын Орда кезеңінде көп көшіріліп тарап, кейіннен Мәмлүктер мемлекетіне ауысқан. Египет пен Сирияда түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» мен «аш-Шузуз аз-захабийа» сөздіктері мәмлүк қыпшақ тілінің лексикалық қорында түркілік қабат көп сақталғандығын, көрсетеді. Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағында табылған эпиграфикалық ескерткіштерде кездесетін тілдік форма мен діни мәтін түркілік кеңістікте кеңінен қолданылған.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?	Диссертация қорытындыларының жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында толық дәйектелген: Қарахандар кезеңінде Құранның аударма сөздіктері пайда болып, жолма-жол аударма сөздік тәсілі қалыптасқан. Жолма-жол аударма сөздік тәсілін аз-Замашаридің «Мұқаддamat ал-адаб» сөздігінен анық байқауға болады. Осы дәстүр Мемлүктер мемлекетіне ауысып, мұнда көптеген араб-түркі сөздіктері түзілген. Сол сөздіктердің ең алғашқыларының бірі – «ад-Дураа ал-мудийа» сөздігінің лексикалық қоры қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталған. Мемлүктер мемлекетінде ең соңғы түзілген - «аш-Шузу аз-захабийа» сөздігінің 36 нұсқасы табылған. Бұл біртұтас түркілік кеңістікте өте көп тараған. Мемлүк қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс, 22 дауыссыз дыбыс бары анықталған. Мемлүк қыпшақ тілінде түркілік қабаат басым, қазіргі қазақ тіліне өте жақын. Мемлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағынан табылған эпиграфикалық ескерткіштер өте ұқсас. Бұл дәстүр Жошы ұлысынан ауысқаны анықталған. Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер	Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Жұмыстың құрылымы, мақсаты мен міндеттері, мол тілдік деректердің ғылыми-сипаттамалық талдануы, мазмұнына сай

		және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	корғауға ұсынылған тұжырымдары, зерттеу қорытындысы толық негізделген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Колдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің колдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда корғауға 9 тұжырым ұсынылған: Бірінші тұжырым – алғашқы араб-парсы-түркі сөздіктерінің пайда болуына Қарахандар кезеңінде түзілген Құран сөздіктерінің жолма-жол тәсілі негіз болды; тұжырымдалған. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана 7.4 колдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Екінші тұжырым – аз-Замашаридің Құран лексикасына негізделген «Мұқадамат әл-адаб» сөздігі Алтын Орда кезеңінде көп көшіріліп, жолма-жол сөздік жасау дәстүрін дамытқандығы анықталған. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана 7.4 колдану деңгейі кең 7.5 мақалада дәлелденген. Үшінші тұжырымда Дешті Қыпшақ даласында пайда болған жолма-жол сөздік жасау дәстүрі Мемлүктер мемлекетіне алтынордалық мазмұн мен форманы сақтай отырып ауысқандығы айқындалған. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес;

	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.
7.3 жана 7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген.	Төртінші тұжырым – Мемлүктер кезеңінде Египет пен Сирияда арабша-қыпшақша сөздіктер түзілді, олардың жазылуына себеп болған Дешті Қыпшақ даласынан келген мемлүк сұлтандары болды. Бұл сөздіктер Сарай мен жергілікті арабтар арасында тілдік коммуникация орнату мақсатында жазылғандығы анықталды.
7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана	7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана
7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген.	7.4 колдану деңгейі кен орташа 7.5 мақалада дәлелденген.
Алтыншы тұжырым бойынша «аш-Шузуз аз-захабийа» сөздігі ортағасырларда ең көп қолданыста болып, көп көшірілендігі салыстырыла талданған.	Бесінші тұжырым – шығыстану ғылымында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің тек қана флоренциялық бір нұсқасы белгілі, әлемдік түркологияда осымен аттас қолжазбалар кездескенімен оларда оғыз, османлы диалектілер басым екендігі нақты мысалдармен дәйектелген.
7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана	7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана
7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген.	7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген.
Алтыншы тұжырым бойынша «аш-Шузуз аз-захабийа» сөздігі ортағасырларда ең көп қолданыста болып, көп көшірілендігі салыстырыла талданған.	Алтыншы тұжырым бойынша «аш-Шузуз аз-захабийа» сөздігі ортағасырларда ең көп қолданыста болып, көп көшірілендігі салыстырыла талданған.
7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана	7.1 дәлелденді; 7.2 тривиалды емес; 7.3 жана

		7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген. Жетінші тұжырым – мемлүк қыпшақ тілінің фонетикалық құрылымы «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары негізінде зерттеліп, фонетикалық табиғаты қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі анықталды. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиялды емес; 7.3 жаңа 7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген. Сегізінші тұжырымда «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері бойынша зерттеулер жүргізіліп, сөздіктің лексикалық қорында түркілік қабат мол сақталғандығы, фонетикалық, грамматикалық семантикасы өзгерістерге ұшырамағандығы дәлелденген. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиялды емес; 7.3 жаңа 7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген. Тоғызыншы тұжырымда Мемлүктер мемлекеті мен Алтын Орда аумағында табылған эпиграфикалық ескерткіштердің тілдік-мәдени байланыстары біртұтас түркілік кеңістікте қолданылған сөздік қор туралы жазылған. 7.1 дәлелденді; 7.2 тривиялды емес; 7.3 жаңа 7.4 колдану деңгейі кен 7.5 мақалада дәлелденген.
--	--	---

8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс тандалған. Зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік негіздерін анықтауда тарихи-салыстырмалы талдау, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау әдістері қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		1) ия; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даырау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маньязды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңды жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге сүйеніп, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда отандық және

			шетелдік дереккөздер, сөздіктер, барлығы 288 әдебиет қолданылып, сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық кағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысындағы ғылыми дәйектелген түйінді тұжырымдарды түркітану, тіл тарихы, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, түркі жазба ескерткіштерінің тілі, тарихи лексикология, лингводереккөзтану сияқты ғылыми бағыттар бойынша оқытылатын арнайы курстарда теориялық материал ретінде пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалдарды тарихи танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, тарихи және энциклопедиялық сөздіктер құрастырғанда тілдік дерек ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген нәтижелерді құрылымдық лингвистикалық бағытта зерттеулер жүргізіп, талдау жұмыстарын жасауға, шығыстану, филология факультеттерінде түркітануға кіріспе, тіл тарихы, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, түркі, қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі, тарихи лексикология, лингводереккөзтану курстарын жүргізуде тілдік материал ретінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Диссертациялық жұмыстың тілі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Зерттеудің құрылымы мен мазмұнын ресімдеу

		4) төмен.	ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер: 1) Диссертациялық зерттеу деректанулық бағытта жүргізілгендіктен, деректанудың теориялық мәселелері мен әдістері кенінен қолданылса, жұмыстың құндылығы арта түсер еді. 2) Қосымшада берілген қыпшақша-қазақша сөздіктегі кейбір лексикалық бірліктердің қазіргі қазақ тіліндегі баламасы семантикалық жағынан нақтылауды қажет етеді (мысалы, <i>alasıs</i> 'الاس', 'l'тұман түсті ат, жылқы (8b,4); <i>degüç</i> 'دوغچ' қалыңды тастайтын ыдыс (10b,14); <i>sewlesene</i> 'سولسنة' «сөйле қалай?» (24a,2); <i>şoşqa</i> 'شوقا' торай (8a,2); <i>tañuz</i> 'طانوز' доңыз тоңыз), шошқа (7b,11) т.б.).
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – 9. Олардың ішінде «Written Monuments of the Post-Golden Horde Period: Arabic Script Epigraphy at the Atyuşan-Bab Mausoleum» тақырыбындағы мақаласы Scopus ғылыми деректер базасына кіретін отандық «Kazakhstan Archaeology» журналында жариялануы қуантады және оның ғылыми деңгейінің жоғарылығын айтақтайды. ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған «Мәмлүктер кезеңіндегі «Китаб ад-дурра...» жазба ескерткішінің зерттелуі», «Тобыл бойы эпиграфикалық ескерткіштері: кешенді зерттеулердің алдын ала нәтижелері», ««Аш-

		ШұұР аз-захабийа» сөздігінің Ватикан варианты: зерттелуі, нұсқалары, құрылымы» тақырыбындағы мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулардың маңызымен сәйкес келеді, олардың да ғылыми деңгейі жоғары.
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілдік-мәдени дереккөз ретінде маңызы жоғары екендігін дәлелдейтін республикалық және халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрген жарияланымдар зерттеудегі міндеттерді шешуді көздеген тарауларға сай келеді.
		Б.Д. Дюсеновтің диссертациясы — қазақ тілтануы мен шығыстануының дамуына өзекті үлес қосатын жетілдірілген ғылыми еңбек. Жұмыстың нәтижелері тек шығыстану саласында ғана емес, сонымен қатар тарих, мәдениеттану және ұлттық бірегейлікті нығайту контекстінде де маңызды. Зерттеудің әдіснамалық тұтастығын, жанашыл тұжырымдары және практикалық қолданысын, жүйелі жүргізілген зерттеу нәтижелерін бағалай отырып, Дюсенов Бағдат Данияровичке «8D02209 - Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймыз.

Ресми рецензент:
Халықаралық білім беру корпорациясының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Сүйеркүл Б. М.

Сүйеркүл Б. М.

Подпись _____

заворю

HR департамент

«20» 06 2025

